



2022 Ж.

Экологиялық білім беру бойынша тренерлерге арналған тренинг

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

МАЗМҰНЫ


Кіріспе.

I бөлім. Оқытудың интерактивті және ойын әдістері.

II бөлім. Адам және қоршаған орта. Жаһандық экологиялық проблемалар және олардың Қазақстандағы көрінісі.

III бөлім. Су - өмірдің негізі. Сақтау әдістері

IV бөлім. Қалдықтар - жоғалған ресурстар. Қысқарту әдістері



КІРІСПЕ

Әдістемелік нұсқаулық "Таң" қолдау және даму қорымен "EcoVision" жобасы аясында әзірлеген.

Нұсқаулықтың авторлары - "Қазақстан экофорумы" ЗТБ төрайымы география ғылымдарының кандидаты Светлана Могилюк және Жайық-Каспий Орхус орталығының директоры Изтелеуова Шынар.

Әдістемелік нұсқаулық "Экобатыс" жобасы шеңберінде "Шелл Қазақстан" қаржылық қолдауымен әзірленді.

Жоба Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарында қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған бастамаларды іске асыру арқылы 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша Қазақстанның стратегиясын ілгерілету мақсатында іске асырылуда.

Нұсқаулықтың жарыққа шығару мақсаты - ҮЕҰ-ға, волонтерлер мен жастарға су ресурстарын сақтау және қалдықтардың жинақталуын қысқарту мәселелері бойынша оқытуды жүргізу үшін экологиялық білім беру бойынша тренерлерді даярлауды қамтамасыз ету.

Нұсқаулық алдына бірнеше мақсат қояды:

- оқытудың интерактивті әдістерін қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар беру;
- адамның ықпалы жаһандық экологиялық проблемаларды тудырғанын және бұл проблемалар Қазақстанда қалай көрініс табатынын көрсету;
- қатысушыларды күнделікті өмірде суды ұтымды пайдалану тәсілдері және қалдықтар санын азайту және қоқысты бөлек жинау жөніндегі іс-шаралар туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Осы мақсаттарға сәйкес нұсқаулықтың құрылымы келесі болып табылады:

I бөлім. Оқытудың интерактивті және ойын әдістері.

Оқытудың интерактивті және ойын әдістерінің қысқаша сипаттамасы, олардың тиімділігінің негіздемесі және оларды қолдану бойынша ұсыныстар берілген.

II бөлім. Адам және қоршаған орта. Жаһандық экологиялық проблемалар және олардың Қазақстандағы көрінісі.

Адамның қоршаған ортаға әсерінің қазіргі жай-күйінің теориялық негіздері және Қазақстан Республикасындағы жаһандық экологиялық проблемалар көріністерінің үрдістері баяндалған.

III бөлім. Су - өмірдің негізі. Сақтау әдістері

Шаруашылықта суды пайдалануды қысқартудың қарапайым, бірақ тиімді әдістерінің теориялық сипаттамасы және тренингке арналған шығармашылық тапсырмалар ұсынылған.

Раздел 4. Отходы – потерянные ресурсы. Как сократить?

Қалдықтардың пайда болуын қысқарту әдістерінің және қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыруының теориялық сипаттамасы, сондай-ақ тренингке арналған шығармашылық тапсырмалар ұсынылған.

Әдістемелік нұсқаулықтың авторлары бұл қалың бұқара топтарының экологиялық мәдениетінің деңгейін көтеруге мүдделі экологиялық белсенділеріне пайдалы болады деп үміттенеді. Бұл жағдайда тренингті неғұрлым қызықты және тиімді ұйымдастыруға көмектесетін әдістемелік бөлім экологиялық білімге толықтырау ретінде санауға болады. Тренерлік дағдылары бар және өмірінің басқа салаларында оқыту әдістерін меңгерген адамдар үшін жеке адамның іс-әрекеттері жаһандық сипатқа ие қоршаған ортадағы айтарлықтай өзгерістерге қалай әкелетінін түсіну үшін жалпы теориялық дайындықты тереңдету маңызды.

III және IV бөлімдерді дайындау кезінде біз Орталық Азия өңірі мен әлемнің басқа да өңірлеріндегі түрлі халықаралық жобалардың қызметі шеңберінде әріптестеріміз дайындаған материалдарды пайдаландық. Соның ішінде біз БҰҰ-ның түрлі бағдарламаларының ресурстарын пайдаландық.

Экологиялық білім мен дағдылар күрделі жүйе, оның барлығын және оны басқа адамдарға беру жолдарын қысқа нұсқаулықта сипаттау мүмкін емес екендігі түсінікті. Сондықтан авторлар нұсқаулықты тренингтер өткізу үшін қолданатындарды пайдалы материалдарға көптеген сілтемелермен қамтамасыз етуге тырысты. Қосымша ресурстарды пайдалану болашақ тренингтерге тереңірек дайындалуға мүмкіндік береді.

Нұсқаулықты пайдалануды жеңілдету үшін навигация жүйесінің элементтерін пайдалануды ұсынамыз:



Теориялық білім



Тренингтерге арналған шығармашылық тапсырмалар



Тапсырманы қалай орындауға болатыны жайлы тренерге кеңес



Қосымша ресурстар мен сілтемелер

Осы нұсқаулықтың көмегімен ұйымдастырылған тренингтер көптеген адамдардың экологиялық мәдениетін арттырып, барлығымызға еліміздің және бүкіл планетаның қоршаған ортасын таза және өмір сүру үшін қолайлы етуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

I бөлім. ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ЖӘНЕ ОЙЫН ӘДІСТЕРІ



Тиімді оқыту принциптері

Біз тренинг деп аталатын оқытудың ерекше түрлерін қолдануды ұсынамыз.

Тренинг — бұл оқытудың ерекше түрі, оның барысында қатысушылардың тәжірибесі, жүргізушінің тәжірибесі, оқытудың арнайы технологиялары және тиісті теориялық материалдың болуы сапалы жаңа өнімді — топтық білім — береді.

- **Адамдар оқу процесіне белсенді қатысқан жағдайда ғана үйренеді.**

Тренер оқушылардың қатысуын ынталандыратын интерактивті әдістерді қолдануы керек.

- **Адамдар оқу үшін құнды ресурс болатын тәжірибе жинақтайды.**

Тренер білім алушыны өзінің бұрынғы тәжірибесіне жүгініп, оны тиімді пайдалануға ынталандыруы керек.

- **Адамдар өздерінің бір нақты жағдайға, оқиға байланысты болса, үйренгендерін жақсырақ қабылдайды.**

Тренер осындай ауысуға ықпал ететін теория мен практиканы байланыстыру әдістерін ұсынуы керек.

Оқыту құралдарын, ең алдымен тіл өнерін, дұрыс пайдалану өте маңызды.

Ауызша хабарлама келесіден тұрады::

- 7%: хабарлманың өзі
- 38% сөйлеген тәсіліміз (дауыс үні, дыбыс деңгейі, интонация, эмоциялар...)
- 55% дене тілі
- (Ескерту: бұл пайыздар мәдениетке байланысты өзгеруі мүмкін)



Оқытудың әдістері, тәсілдері мен құралдары

Қарастыратын әдістердің тізімі:

- Дәріс
- Сұхбат
- Жағдайттық зерттеулер
- Ойындар
- Жеке жаттығулар
- Шағын топтарда жұмыс
- «Ой-талқы» («Мозговой штурм»)
- Метажоспар («стикерлер»)
- Сауалнама
- Тесттер

Дәріс

Дәріс студенттерге жаңа теориялық білімді жеткізудің ең жақсы әдісі. Бірақ нәтижелі болу үшін ол 15 минуттан аспауы керек. Теориялық материалдың үлкен көлемін баяндау қажет болса, оны блоктарға бөліп, талқылау, пікірталас немесе әртүрлі жаттығулармен кезектестіру керек. Компьютерлер, проекторлар және т. б. заманауи техникалық құралдар дәрісті неғұрлым серпінді етуге мүмкіндік береді.

Шағын топтарда жұмыс

Бұл әдісті бірнеше мәселелерді қатар талқылау, топтық пікір қалыптастыру, барлық қатысушыларға сөйлеуге мүмкіндік беру үшін қолдануға жақсы. Семинарға 10-нан астам адам қатысса, шағын топтарда жұмыс тренингтің маңызды құрамдас бөлігі болады. Топтың оңтайлы құрамы – 3-тен 7 адамға дейін.

Сіз топқа басынан бастап спикерді, жазушыны (талқылауды, нәтижелерді жазатын адам) және фасилитаторды (топтық пікірталас жүргізетін адам) таңдауды ұсына аласыз.



Шағын топты құру әдістері:

Кездейсоқ :

- Көршілер (бірге отырған адамдар топтасады)
- Санаумен: 1, 2, 3.... 1, 2, 3.... (1-лер топтасады, және әрі қарай)
- Туған күндер жақындағына қарай (күн саны)
- Аты немесе тегінің әліпбилік тәртібі
- Шоколадтар/кәмпиттер/карталар және т. б. (түсі, түрі бойынша)
- Мозаика (пазл) фрагменттері
- Жеребе тастау (қысқа сіріңке, ...)
- Биіктігі, көздің түсі, аяқ киімнің түсі және т. б. бойынша

Шағын топтарда жұмыс

Жоспар, тәртіп бойынша:

- Ұнату бойынша (тақырып тым эмоционалды немесе жеке болса)
- Кәсіби қызығушылықтары бойынша (мысалы, бірдей жұмыс салалары)
- Біртектілікті/әртүрлілікті қамтамасыз ету үшін

«Ой-талқы»

Бұл ой-пікірлер, идеялар, мәселе шешу жолдарын жинау әдісі. Оны жиі, бірақ көбінесе дұрыс емес қолданылады.



Ой-талқы өткізудің негізгі ережелері бар:

- Барлық ұсыныстар жазылады.
- Ой-пікір жинаған кезде, олар талқыланбайды, бағаланбайды және сыналмайды.
- Барлық ой-пікірлер тең.
- Ессіз ой, ақылсыз идея жоқ.
- Ақылсыз ұсыныстар қалыпты идеялардың пайда болуына ықпал етеді.
- Жұмыстың аяқталу уақытын белгілеу қажет.
- Ең керемет, даналық ұсыныстар жұмысқа бөлінген уақыттың соңғы 10%-ында пайда болады.

Фасилитатор ой-талқы процесін тәртіптейді, ұсыныстың тұжырымдарын нақтылап, жазады. Сондай-ақ, фасилитатор қатысушыларға ережелерді еске салады, себебі олар жиі ұсынылған идеяларды талқылағысы келеді.

Пікірталас

Бұл күрделі мәселелерді талқылау әдісі. Интерактивті семинар барысында пікірталас жиі қолданылады.

Талқылаудың бірнеше кезеңін бөлуге болады:

- талқыланатын мәселе бойынша әртүрлі пікірлер жинауы (кеңейту),
- ұсыныстарды топтастыру (сұрыптау) және саралау (тарылту) және
- қорытынды (шешім).

Пікірталастың барлық қарапайымдылығына қарамастан барлық үш кезеңді нәтижелі өткізу үшін тренерде белгілі бір дағдылары және бірнеше тиімді әдістері бар болуы керек.

Сұхбат

Пікір алмасудың бір түрі, ол ақпаратты меңгеру деңгейін түсінуге және білімді меңгеру деңгейі туралы түсінік алуға көмектеседі.

Стикерлер

Шектеулі стикерлер көмегімен идеялар жинау. Бұл әдіс барлық қатысушыларға, тіпті ең ұялшақ адамдарға да өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді. Тренер қатысушыларға жалпы жұмыс туралы көрнекі түсінік беру үшін стикерлерді тақта, стендте көрсете отырып, ұсынылған идеяларды жалпылауы керек.

Ойын

Ойын өте тиімді әдіс болып табылады. Ол тренерге бірнеше мақсатқа бірден жетуге мүмкіндік береді. Іскерлік ойынның артықшылығының бірі алынған теориялық білімді пайдаланып, ойын түрінде әртүрлі жағдайларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.

Толықтай аяқталған ойын қатысушылардың санасында төңкеріс жасап, олардың мәселеге деген көзқарасын күрт өзгерте алады, мәселе шешу жолдарының көптігін көрсете алады.

Ойын түпсаналы реакцияларын анықтау үшін өте маңызды.

Бірақ ойынды ұйымдастырған кезде бірнеше тармақты ескеру қажет:

- Ойын уақыт пен дайындықты қажет етеді.
- Ойын бос кеңістікті қажет етеді.
- Ойын қатысушылардың белгілі бір санын талап етеді.
- Ойын топтың әзірлігін талап етеді.

Ойын жаттығулары көбінесе қатысушылардың өзара әрекеттесуіне сенім атмосферасын құруға арналған. Мұндай жаттығулар көбінесе «Мұзжарғыш» (ледокол, ice-breaking) деп аталады. Жақсы жаттығуды бастайтын алғашқы «мұзжарғыш» – танысу.



Іскерлік ойынды ұйымдастыру кезеңдері

1. Жоспарлау

- Ойынның орнын, уақытын, ұзақтығын және мақсатын анықтауды қамтиды. Жоспарлау кезеңінде ойын үшін қандай реквизит қажет екендігі, оған қатысушылардың ең аз және ең көп саны қатыса алатындығы анықталады.

Семинардың өзі толығымен іскерлік ойынға арналмаса, әртүрлі нұсқаларды қарастырыңыз: басқа уақыт, басқа қарапайым түрленімі, шарттар мен ережелер оңайлату, семинарға қатысушылардың саны ойынға қажет мөлшерден көп немесе аз болса не істеу керегін.

- Қатысушыларға қойылатын сұрақтарды ойластырыңыз. Талқылаудың нәтижесі ретінде не алғыңыз келетінін және осы нәтижеге қалай жетуге болатындығын ойластырыңыз.

2. Дайындалу

- Әр қатысушының рөлін, ойын ережелерін сипаттаңыз. Олардың көшірмелерінің қажетті санын дайындаңыз. Барлық қажетті реквизит дайындаңыз. Ол сіздің жеке болғаныңыз жөн, тапсырыс берушіге, демеушіге үміт артпаңыз. Жетіспейтін ресурстарды асығыста іздегенен гөрі қауіпсіз болған жақсы. Бұл тіпті қарындаштар, қаламдар және т.б. сияқты ұсақ-түйектерге де қатысты.

3. Өткізу

- Қатысушыларға ойынның мақсаты туралы айтыңыз.
- Қатысушыларға рөлдерін, ойын ережелерін таратып, түсіндіріңіз. Қатысушыларға бәрін қайта қарап, туындаған сұрақтарына жауап алуға уақыт беріңіз. Ойынның аяқталу уақытын орнатыңыз. Әрі қарай сіз:

а) кетіп, соңына орала аласыз.;

б) бұрышта отырып, ойынның барысын қадағалай аласыз (пікірталастар, топтардағы жұмыстар).

- Әдеттегідей, ойынның мақсаты орындалса, ойын аяқталды деп саналады. Бірақ кейде ойын қай бағытта дамитыны анық болып, оны үзіп, талқылауға көшуге мүмкін және қажет..

4. Талқылау

- Ең қиын, бірақ өте маңызды кезең – талқылау және қорытынды жасау процесі, ойынды түсіндіру, интерпретациялау. Егер сіз оны нашар өткізсеңіз, топта уақытты босқа өткізген сезім туындайды.
- Сұрақтарды дұрыс қою өте маңызды, "дұрыс" жауап алу үшін топқа қысым жасамаусыз. Ондай жуаптар жоқ. Фасилитатор ретінде сіздің міндетіңіз өткен ойынға дұрыс түсінік беріп, топқа қорытынды жасауға көмектесу.

Искерлік ойын қорытындысы бойынша талқылауға арналған үлгі сұрақтар

- Ойынның біздің семинардың тақырыбына қандай қатысы бар?
- Ойын барысында қандай жаңа дағдыларды игердіңіз?
- Сіздің жұмысыңызда не пайдалы болуы мүмкін?
- Ойын барысында сізге сәтті болуға не көмектесті?
- ... рөлінде өзіңізді қалай сезіндіңіз?
- Ойын барысында не сезіндіңіз?
- Сізге қандай сезімдер ең маңызды болып көрінді?
- Ойынның қай сәті сіз үшін ең эмоционалды болды?
- Сіздің жай-күйіңіз қалай өзгерді?
- Ойын нәтижелеріне қанағаттанасыз ба?
- Сіз алған біліміңізді пайдалана алдыңыз ба?
- Сіз қандай әдістер мен дағдыларды пайдаландыңыз?
- Бұрын алған теориялық білім ойын барысында сізге қалай көмектесті?
- Табысқа (немесе сәтсіздікке) не көмектесті?
- Сізге қандай дағдылар жетіспеді?
- Неліктен сіз дәл осылай әрекет еттіңіз / ойнадыңыз деп ойлайсыз?
- Әр қатысушыдың (оның рөлінің) рөлі / мәні қандай?
- Сіз ұстанған стратегия (немесе әрекет) осы жағдайда ең тиімді болды ма?
- Ойынды басынан бастап өткізуге мүмкіндігіңіз болса, сіз өз стратегия, әрекеттеріңізде не өзгерер едіңіз?

Тренингті қалай ұйымдастыру керек?

- Ең алдымен, сіз келесі негізгі сұрақтарға нақты жауап беруіңіз керек:
- Семинардың мақсаты – нені үйрету керек?
- Семинар форматы: күндер саны, әр сессияның, үзілістердің ұзындығы.
- Негізгі тақырыптар және оларды ұсыну реті.
- Оқыту әдістері – дәрістер, жаттығулар, презентациялар және т. б.
- Өмірден тәжірибелік мысалдар.
- Әдістемелік (үлестірме) материалдар: не қосу керек, олардың форматы.
- Қажетті жабдықтар: проектор, бейнекамера, диктофон, теледидар және т. б..

Толық семинар ұзақтығына қарамастан, келесі міндетті блоктарды қамтуы керек:

- қатысушыларды таныстыру,
- қатысушылардың семинардан үміттерін (өз мақсаттарын) жазу,
- жұмыс ережелерін бірлесіп әзірлеу,
- атқарылған жұмыстың қорытынды бағасы.

Таныстыру

- Семинар барысында қатысушылар мен жүргізушілерді таныстыру қос рөл атқарады. Осы әдістеме тұрақты қарым-қатынасты талап ететіндіктен, алғашқы танысу бір-біріңіз туралы негізгі ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ол мейірімді және ашық атмосфераны құруға көмектеседі.
- **«Мұзжарғыш» (ледокол, ice-breaking).** Қатысушылар семинарға келгенде, әдетте, олар әртүрлі өмір тәжірибесі мен дүниетанымы бар адамдар. Курс басында олар тренер немесе семинар мазмұны туралы емес, қасындағы көршісі, кофе үзіліс, қабылданбаған қоңырау/ хабарламалар, күннің аяқталуы және т. б. туралы ойлайды.
- Қосылу жаттығулары оларға өздерін жұмыс процессіне қатысты сезінуге көмектеседі. Сонымен бірге егер жаттығулар жақсы құрылған болса, топтағы басқа адамдармен байланыс орнатуға көмектеседі.
- Ең алдымен, бұл олардың назар орталығын сізден ауыстырып, өздеріне және басқа қатысушыларға аударады (бөлмедегі ең маңызды адамдар), сізге курс барысында демалуға және оқу процессін үйлестіруші рөлін алуға мүмкіндік береді.



Тренинг басында қатысушыларды толғандыратын сұрақтар:

- Біз не үшін келдік? (мақсаттар)
- Тренер кім? Басқа қатысушылар кімдер?
- Біз немен айналысамыз? (бағдарлама)
- Біз қандай адамдар арасында боламыз? (орта)
- Қашан және қандай әрекет болады? (жоспар, күн тәртібі)
- Біз мұнда қанша уақыт боламыз?

Қатысушылар не күтеді

- **Күтулерді** жазу тренерге қатысушылар семинар барысында нені білгісі келетінін, жүргізушіден және әріптестерінен не күтетінін түсінуге мүмкіндік береді. Күту әртүрлі болу мүмкін: сөйлесу, араласу, жаңа адамдармен кездесу, бір нәрсені үйрену. Әдетте, келіссөздер жүргізу жөніндегі семинарда, мысалы, грантқа өтінімдерді қалай жазу керектігін, ал қаражат іздеу жөніндегі семинарда басшылармен жанжалды қалай шешу керектігін білгісі келетін бір немесе екі адам болуы керек. Кейде қатысушылар тақырыпты сіз ойлағаннан гөрі тереңірек зерттеуді қалағаны да болады.

• Ештеңе етпейді. Бағдарламаны түсіндіру кезінде сіз семинардың қай бөлігінде қатысушылар өз күтулер мен үміттеріне жауап алатындығын айтуыңыз керек. Егер олар үйренгісі келетін нәрсе жаттығудан тыс болса, бұл туралы ашық айтыңыз. Уақыт пен сіздің біліктілігіңіз мүмкіндік берсе, оларды қызықтыратын тақырып туралы бөлек сөйлесуді ұсынуға болады.

Жұмыс ережелері

Ережелер өте әртүрлі болады. Көбінесе осындай тізім жасалады:

- Мәні бойынша сөйлеу.
- Тыңдау және есту.
- Адамды емес, мәселені талқылаңыз.
- Регламентті сақтау.
- Бір-бірден сөйлеу.

Бағалау

Бұл блокты жоспарлау кезінде келесіні түсіну керек:

- Бағалауды кім жүргізеді.
- Нені бағалау керек.
- Бағалау қалай, қандай тәсілдермен жүргізіледі.
- Бағалау нәтижесі кімге және қандай түрде қажет.

Тренинг барысында уақыт пен әдістерді қалай дұрыс үлестіруге болады?

Тренинг 2-3 сағаттан бірнеше күнге болуы мүмкін. Міндетті блоктардың да ұзақтығы әртүрлі болады. Бірақ кез-келген жағдайда кейбір биохронологиялық ырғақтарды ескеру қажет. Таңертең адамдар теориялық мәселелерге көбірек көңіл бөліп, оңай назар аудара алады. Түскі астан кейін белсенділіктің төмендеуі байқалады және мұнда белсенді, ойын әдістерін қолданған дұрыс.



Экологиялық шараны қалай ұйымдастыруға болады

Іс жүзінде қалдықтарды сұрыптауды немесе олардың пайда болуына жол бермеуді үйрену ең жақсы. Кез-келген шеберлікті дағдыландыру керек, бұл қалдықтарды сұрыптауға да қатысты. Офлайн іс-шаралардың көмегімен сіз жаңа аудиторияны тарта аласыз. Балаларға арналған мастер-кластар – ересектерге де тақырыпқа қызығушылық танытудың жақсы себебі.

Іс-шараны ұйымдастыру көрінгеннен оңай: ресурстық және жастар орталықтары, кітапханалар, мәдениет үйлері кез-келген аймақтағы жаңадан келген экологиялық ағартушыны қуана қолдайды.

Төменде біз практикалық тәжірибеге негізделген ұсыныстарды береміз.

•Ештеңе етпейді. Бағдарламаны түсіндіру кезінде сіз семинардың қай бөлігінде қатысушылар өз күтулер мен үміттеріне жауап алатындығын айтуыңыз керек. Егер олар үйренгісі келетін нәрсе жаттығудан тыс болса, бұл туралы ашық айтыңыз. Уақыт пен сіздің біліктілігіңіз мүмкіндік берсе, оларды қызықтыратын тақырып туралы бөлек сөйлесуді ұсынуға болады.

Кезең	Сипаттамасы. Ұсынымдар
9:00 – 9:15	ояну. Белсенділік қажет
9:15 – 11:00	өте өнімді және белсенді уақыт. Қажет болса, дәрістер үшін өте ыңғайлы уақыт
11:00 –12:00	адамдар түскі ас туралы ойланып, кейін аштық сезіне бастайды. Кіші топтарда жұмыс істеу жақсы
14:00 –15:00	Сиеста уақыты! Дәріс оқымаңыз, керісінше жаттығулар мен топтарда жұмыс жасаңыз
15:00 –16:00	өнімді және белсенді уақыт. Маңызды ақпарат бере аласыз
16:00 –17:00	адамдар стрессті және/немесе шаршауды сезініп бастайды. Шетін мәселе, тақырыптарды таңдамаңыз
17:00 –17:30	сағатқа қараңыз, қоштасатын уақыт келді





Қалдықтарды жинау бойынша экологиялық акцияны ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1. Алдымен сіз акциядан қайталама шикізатты алуға дайын дайындаушы ұйымды тауып, қайталама шикізаттың қандай түрлерін жинай алатындығыңызды анықтауыңыз керек (тек макулатура немесе пластик, шыны, металл, батареялар және т. б.).

Сіз дайындаушы ұйымды бірнеше жолмен таба аласыз:

- Esocity қосымшасы арқылы сіздің аймағыңызда (қалада, ауылда) қандай компаниялар жинақтауғыштарды орнатқанын зерттеп, олармен байланысып, сіздің акцияңыздан қайталама шикізатты алуға дайын екендіктерін, қайталама шикізаттың қандай түрлерін (шыны, қағаз, пластик, металл, тоқыма) жинап, шығарып тастайтын дайыныдығын мен шарттарын білуге болады; (тек Android жүйесінде)
- ақпарат алу үшін аймақтың экологиялық қозғалыстарына немесе бастамашыл топтарына хабарласыңыз;
- "қайталама шикізатты сатып алу/сату" сөздері бойынша Интернет желісінен ақпарат табып, осы компаниялармен байланысуға және олардың қалдықтарды бөлек жинау бойынша қызметтер көрсететінін шарттарын білуге болады;
- сіздің аймағыңыздағы дүкендер макулатураны, металды және басқа қалдықтарды қайда тапсыратынын біліңіз;
- аула тазалаушылармен сөйлесе аласыз, олар қайта өңдеу кезінде жағдайды жақсы біледі және нақты кеңес бере алады.

2. Акцияны ұйымдастыралатын алаңмен келісу. Акцияны мектеп жанындағы аумақта, қалалық алаңда, сауда орталығының жанында өткізуге болады. Оны қалалық акимат және сіз оны жасағыңыз келетін ұйымдармен келісу маңызды. Акиматқа өтетін күні, уақыты және күтілетін адамдардың саны көрсетілетін жазбаша хабарлама дайындауға қажет.

3. Жиналған қайталама шикізатты тасымалдау мәселесін шешіңіз.

Мүмкін нұсқалар:

- сіз өзіңізді таныс ұйымдарға апарасыз;
- сіз қалдықтарды тапсырған адамдар оған тегін келеді;
- тасымалдау үшін ақы төлеу керек, акцияларға жиналған қайталама шикізаттың құны өте аз болуы мүмкін

Егер науқан қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылған аулада өтсе, тасымалданбайтын нұсқа да мүмкін.

4.Қайта өңдеу жинауға қосымша іс-шаралар (заттар мен кітаптар алмасу, шеберханалар, викториналар және қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеу және заттардың екінші өмірі туралы басқа да іс-шаралар) қосу арқылы қандай форматта өткізетіндігіңізді шешіңіз.

5.Акцияны барлық қолжетімді арналар бойынша (әлеуметтік желілер, афишалар, БАҚ) хабарландыру және жергілікті БАҚ-ты акцияның өзіне шақыру (ақпараттық портал, газеттер, теледидар және т.б.).

6.Барынша тиімді болуы үшін акцияға алдын ала дайындалу:

-бастамашыл топты жинау (достар, отбасы мүшелері немесе көршілер қатарынан);

-серіктестерден сұрап немесе өз бетінше қаптарды сатып алу (пластик жинау үшін көлемі 120-200 л қара қап қолайлы, шыны және макулатура үшін полипропиленнен жасалған құрылыс қаптарын сатып алған дұрыс);

-Қазақстандағы қалдықтар мәселесі туралы пайдалы ақпаратты оқу;

-қайталама шикізатты уақытша қабылдау пунктінің дизайнын ойластыру, көрнекі және үлестірмелі материалдарды жинақтау.

8.Қайталама шикізатты жинау бойынша акция өткізу:

-белгіленген күн мен сағатта (мүмкін сәл алдын-ала) көмекшілермен бірге қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлермен және қаптармен жабдықталған жерде болу керек;

- артықты тастамау үшін не әкелетінін мұқият қарап шығыңыз;

- қалдықтарды бөлек жинау туралы ақпараттық парақшалар тарату, адамдардың сұрақтарына жауап беру;

- акцияны өткізу барысында видео түсіріп. фото жасау;

- жиналған қайталама шикізаттың саны (килограммен жақсырақ) мен келген адамдардың санын жазыңыз;

-акцияны уақытында аяқтаңыз (қатысушылар аз болса да, хабарландыруларда көрсетілгеннен ертерек емес, өйткені кейбіреулері аяқталу уақытына жақын мүмкін).

9.Өткізілген акция туралы есеп жасап (түрлері бойынша жиналған қайталама шикізаттың санын, қатысушылар және акция ұйымдатыруға көмектескен еріктілерінің санын көрсетуді ұмытпаңыз), оны әлеуметтік желілерде орналастырыңыз, қалалық пабликтерге жаңалық жариялауды ұсыныңыз.

II бөлім. АДАМ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА. ЖАҒАНДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІНІСІ




Адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі

Адам тіршілік ету ортасымен тікелей байланысты. Кез-келген тірі организм сияқты, бізге тыныс алу үшін ауа, біздің өміріміздің процестерін энергиямен қамтамасыз ету үшін су және тамақ қажет. Ауа, су және тамақ қауіпсіз – таза және сапалы болғаны жөн. Мұның барлығын адам қоршайтын табиғи орта жеткізеді.

Бірақ басқа тірі организмдерден ерекше, адам өзінің ақыл-ойының арқасында әрі қарай барды, табиғатта бар заттармен ғана емес, жаңа материалдар мен заттарды жасай отырып, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамытты. Бірақ адам өзінің экономикалық қызметі үшін ресурстарды бұрынғыша табиғаттан алады. Бірақ табиғи ортаға экономиканың барлық салаларында пайда болған қалдықтарды жібереді.

Экологиялық із теориясы адамның табиғатқа әсерін айқын көрсетеді. Экологиялық із (экоіз) – бұл адамның қоршаған ортаға тигізетін әсерінің өлшемі, ол біз тұтынатын экологиялық ресурстарды өндіруге және қалдықтарды сіңіруге қажетті іргелес аумақтың көлемін есептеуге мүмкіндік береді.




**БІЗДІҢ ҒАЛАМШАРДЫҢ ЖАҢАРТЫЛАТЫН
РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУЫМЫЗ ЖӘНЕ
ЭКОЖҮЙЕЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУЫМЫЗ
БІР ЖАРЫМНАН АСТАМ ЖЕР ҒАЛАМШАРЫНА
ТЕҢ**



Ғаламдық Экологиялық Із (GFN) желісінің есептеулеріне сәйкес, жыл сайын адамзат тек Жер сияқты 1,5ғаламшар қамтамасыз ете алатындай жаңартылатын ресурстарды жұмсайды. Бұл қоршаған ортаның сарқылуына әкеледі: ормандардың жойылуы, азық-түліктің жетіспеуі, мұхиттың қышқылдануы және ғаламшар мен оның тұрғындары үшін басқа да ауыр зардаптар. Егер экологиялық із бұрынғы деңгейде қалса, онда 2030 жылға қарай адамзатқа екі Жер қажет болады.



Экологиялық із компоненттері [1]



Экологиялық ізді бүкіл планета үшін немесе жеке ел үшін есептеуге болады. Оны жеке үй немесе адам үшін де санау мүмкін. Сіз өзіңіздің жеке экологиялық ізіңізді есептей аласыз. Мұны істеу үшін Сіз онлайн агрегаторларды немесе осы нұсқаулықта берілген сауалнаманы пайдалана аласыз. (бөлімнің соңында қараңыз).

[1]GEO5 <http://wedocs.unep.org/handle/20.500.11822/8021>



Биосфера адам қызметінің салдарын "өңдеуде" өте маңызды рөл атқарады. Биосфераның болуы Жердегі өмір сүру жағдайларын – ең алдымен орташа температурасы + 15 градус болатын тұрақты температура режимін сақтауға мүмкіндік береді.

Биосфераның өзін-өзі реттеуін қамтамасыз ету үшін жойылмаған экожүйелердің кемінде 60% - ы қажет. Бірақ ормансыздану және жерді ауылшаруашылық жерлерге пайдалану нәтижесінде ұзақ жылдар бойы пайда болған артық CO₂ жоюдың табиғи механизмдері төмендей бастады.

Сонымен бұзылған экожүйелер планета атмосферасындағы көмірқышқыл газының мөлшерін реттеуге қатысуды тоқтатады, одан әрі парниктік газдар шығарындыларының көзі болып табылады. Сондықтан табиғи экожүйелерді мүмкіндігінше сақтай отырып, экологиялық ізді азайту өте маңызды.

Биосферадағы теңгерімнің бұзылуына және атмосферадағы парниктік газдардың көбеюіне байланысты температура режимінде елеулі өзгерістер орын алады, оларды жаһандық сипаттағы климаттың өзгеру проблемасы деп атайды. Оған толығырақ тоқталайық.


Биосферадағы теңгерімнің бұзылуына және атмосферадағы парниктік газдардың көбеюіне байланысты температура режимінде елеулі өзгерістер орын алады, оларды жаһандық сипаттағы климаттың өзгеру проблемасы деп атайды. Оған толығырақ тоқталайық.



Климаттың өзгеруі мәселесі

Климаттың өзгеруінің себебі атмосфералық ауада парниктік газдар концентрациясының, ең алдымен CO₂ жоғарылауы болып табылады. Бұл газдар парниктік газдар деп аталады себебі инфрақызыл сәулеленудің таралуын азайтады. Парниктік эффект механизмін толығырақ қарастырайық.

Атмосфераның табиғи күйінде су буы (H₂O), көміртегі диоксиді (CO₂), метан (CH₄) және азоттың шала тотығы (N₂O) жылыжайда пленка түрінің әсерін тудырып, қалыптасқан биосфера үшін қолайлы температура режимін қамтамасыз етті. Бірақ өнеркәсіптік қызмет парниктік әсерді құрайтын газдардың көбеюіне әкелді, ал қазір парниктік газдарға мыналар жатады: көміртегі диоксиді, метан, азоттың шала тотығы, гидрохлорфторкөміртекттер (ГХФК), гидрофторкөміртекттер (ГФК) және төменгі атмосферадағы озон.




Атмосферадан өтетін күн сәулелері ішінара шашырайды, жер бетіне жеткенде олар оны қыздырады және жылу түрінде (инфрақызыл сәуле) атмосфераға сіңіреді. Олардың бір бөлігі шашырайды, ал бір бөлігі атмосфераны жылытуға кетеді. Жылудың таралуына жол бермейтін газдар неғұрлым көп болса, соғұрлым атмосфера қызады.

Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы бүгінде болып жатқан климаттың өзгеруі адамның іс-әрекетінен туындағанын дәлелдеді. Мұнай, көмір және газ сияқты отынды пайдалану, жер жырту, орманды кесу және су ресурстарын тиімсіз пайдалану экологиялық теңгерімнің айтарлықтай бұзылуына және атмосферадағы парниктік газдардың тез өсуіне әкелді. Парниктік газдар жылуды сақтайды – оның атмосферадан тыс кетуіне жол бермейді және жаһандық жылынуды күшейтеді.

Мыңдаған жылдар бойы біздің атмосферада орташа есеппен миллионға арналған 275 бөліктер (ppm) көмірқышқыл газы (CO₂) болды. Сонымен қатар, ғалымдар 350 ppm экологиялық теңгерімнің шекті мәні екенін анықтады. Однако в настоящее время мы имеем уже более 400 ppm, т.е. Алайда, қазіргі уақытта бізде 400-ден астам ppm бар, яғни шегінен шығып, адамзат өркениеті осыған дейін ешқашан жетпеген қауіпті деңгейде тұрмыз.

Температураның небары 1 градусқа көтерілуі, 0° – тан 1° - қа дейін қар мен мұзды суға айналдырады, бірақ планетарлық масштабта бұл мұздықтардың - біздің тұщы су қоймасы және реттегіштерінің - Ғаламдық еруіне әкелді. Температураның өзгеруі "дойбы әсерін" - көптеген бұзылулардың тізбекті реакциясын тудырады , бұл экологиялық теңгерімнің бұзылуына әкеледі. Бір жерде су тасқыны және көшкін жиі пайда бола бастады, ал басқаларында – құрғақшылық, шаңды дауылдар мен құйындар. Жақында индустрияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 2°C жылыну қауіпсіз шек деп есептелді. Бірақ соңғы бақылаулар өршіл мақсат қою керек екенін көрсетті: климаттың жылынуын 1,5 градусқа шектеу. 2°C – тан астам жылыну - бұл қайтымсыз өзгерістер әкелетін "қайтарылмайтын нүкте": климаттың болжамсыздығы, су циклдері мен табиғи аймақтардың ығысуы, су тасқыны мен құрғақшылық, вирустық аурулардың және басқа да қауіпті құбылыстардың өсуі.

Биологтар сонымен қатар өсімдіктер мен жануарлардың мыңдаған түрлерінің жаппай жойылып кетуі туралы айтады. Біз олармен көптеген көзге көрінбейтін, бірақ денсаулығымыз, әл-ауқатымыз және өміріміз үшін маңызды тәуелділіктермен байланыстамыз. Бірақ олардың тіршілік ету ортасы осы өзгерістерге бейімделуге қарағанда тез өзгереді.




Климаттың өзгеруі Қазақстанға қалай әсер етеді?

Қазақстан Орталық Азияның басқа елдері сияқты климаттың өзгеруінен барынша осал елдер тобына жатады. Бұл құрғақ табиғи жағдайларға, сондай – ақ жаһандық температура реттегіші - мұхитқа шығудың болмауына байланысты. Соңғы жылдары климаттың өзгеруі аймақта айқын байқалады: температураның ауытқуы, суық және жылу толқындары өсуде, құрғақшылық көбейіп, су тапшылығы мен су үшін қақтығыстар артып келеді.

Еуразия құрлығының ортасында орналасқан және мұхиттардан едәуір қашықтықта орналасқан Қазақстан аумағы орта есеппен жер шарына қарағанда едәуір қарқынмен жылынады. Таңдалған кезеңдегі климаттың өзгеру қарқындылығын сипаттау үшін сызықтық трендтің көлбеу мәні (кез-келген шаманың өсу қарқыны) қолданылады. Қазақстан бойынша орташа алғанда 1976-2019 жылдар кезеңінде ауаның орташа жылдық температурасының көтерілу жылдамдығы әрбір 10 жыл сайын $0,30\text{ }^{\circ}\text{C}$ құрады.

Өңірлік климатты зерделеу және оның өзгеруінің тұрақты мониторингін "Қазгидромет" РМҚ Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметі жүргізеді. Ол Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және атмосфералық жауын-шашынның айлық мөлшерінің ауытқуларын бағалау келтірілген ай сайынғы бюллетеньдерді шығарады. Бюллетеньдерді Қазгидромет сайтының климат бөлімінен таба аласыз.



Қазақстандағы қоршаған орта өзгерістерінің және шаруашылық қызмет жағдайларының болжамы [2]



Климаттың өзгеру мәселесін жеңуге арналған әрекеттер

Климаттың өзгеруін болдырмау үшін 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (БҰҰ КӨНК) қабылданды. Конвенцияның тараптары 197 ел және Еуропалық Одақ. Келісім тараптары елдерінің өкілдері прогресті бағалау және шешімдер қабылдау үшін жыл сайын Тараптардың ресми кездесулер – конференцияларын (ағыл. COP) өткізеді. 2021 жылы кезекті 26-шы кездесу (COP-26) 1-12 қараша аралығында Шотландияның Глазго қаласында өтті. Жаһандық шараларды күшейту үшін осы Конвенцияға қосымша 1997 жылы Киото хаттамасы, ал 2015 жылы климат жөніндегі Париж келісімі қабылданды. Егер біз Париж келісімінің мәнін қысқаша тұжырымдайтын болсақ, онда осы Келісімге қол қойған барлық елдер келесі талаптарды орындауға уәде берді:

- Жаһандық температураның 2°C-тан жоғары көтерілуіне жол бермеу және оны 1,5°C-қа дейін шектеуге тырысу.
- Парниктік газдар шығарындыларын азайту, ормандарды және климатты тұрақтандыру үшін басқа да табиғи экожүйелерді қалпына келтіру бойынша ұлттық деңгейде айқындалатын үлестерді (ҰДАҰ) қабылдау.
- Энергия өндіру үшін көмірді, мұнай мен газды пайдаланудан бас тарту және жаңартылатын энергетика мен жасыл экономикаға инвестицияларды ұлғайту.
- Кедей және дамушы елдерге климаттың өзгеру салдарын жеңуге көмектесу үшін қаржылық және техникалық көмек көрсету.

Қазақстан климаттың өзгеруі проблемасын шешудің халықаралық процесінен тыс қалмайды. 2020 жылғы желтоқсандағы Климаттық амбициялар Саммитінде Президент Қасым - Жомарт Тоқаев 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу туралы өршіл мақсат қойғанын мәлімдеді. Осыдан кейін ол Қазақстанның климаттың өзгеруіне қарсы күреске және Париж келісіміне сәйкес мақсатты шаралар қабылдауға берік бейілділігін растады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің ұзақ мерзімді Доктринасын – дағдарыстан кейінгі тұрақты қалпына келтіруді, экономиканың төмен көміртекті дамуын және энергетикалық сектордағы трансформацияны қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар әзірледі. Доктрина жаңа көмір өндіру жобаларынан бас тарту және көмірді жағудан біртіндеп бас тарту (2021-2025), 2 миллиард ағаш отырғызу бағдарламасын жүзеге асыру (2025), электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесін екі есе арттыру (2030), қатты тұрмыстық қалдықтарды 100% сұрыптау (2040), 75% егістік жерлерге тұрақты ауыл шаруашылығы (2045), жеке жолаушылар көлігін 100% электрлендіру (2045) 2050 жылдан бастап "жасыл" сутекті пайдалану және көмір өндірісінен толық бас тарту сияқты шығарындыларды азайту және экономиканы декарбонизациялау бойынша негізгі шаралар жиынтығын қарастырады.



Жаһандық экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?

Бізді қоршаған орта – өте күрделі қатынастар жүйесі. Компоненттердің біреуінің бұзылуы бүкіл жүйеде реакциялар мен өзгерістерді тудырады:

- ластаушы заттардың шығарындылары парниктік әсерді күшейтеді және климаттың өзгеруіне әкеледі;
- климаттың өзгеруі тірі организмдердің өмір сүру жағдайларын нашарлатады және су ресурстарын азайтады;
- қалдықтардың жиналуы құнарлы жерлердің азаюына және су мен атмосфераның ластануына әкеледі.



Қоршаған ортаның ластануы біздің әл-ауқатымызды қамтамасыз ететін қоршаған ортаның барлық маңызды құрамдас бөліктерінің нашарлауына әкелетінін көреміз. Басқа жақтан, барлық компоненттер: климат, су ресурстары және биологиялық әртүрлік – бір-біріне өзара әсер етеді. Сондықтан ойланбай жасалған іс-әрекеттер көптеген бағыттарда тәуекелдер тудыратын болады, және керісінше, қоршаған ортаны сақтауға бағытталған көптеген іс-қимылдар кешенді жетілдірулер жасайтын болады.

Жаһандық проблемалар жеке кішігірім әрекеттерден тұратынын есте ұстаған жөн. Например, кто-то выбросил пластиковую бутылку (местное впечатление), которая загрязнила пляж или место возле реки. Мұндай бөтелкелердің көпшілігі қазірдің өзінде өзен бассейнінің ластануын тудырады (аймақтық әсер). Содан кейін өзен ағысымен бұл бөтелкелер әлем мұхитқа түседі, онда тек қоқыс аралдары ғана емес, бүкіл континенттер пайда болады. Экологтардың өте маңызды ұраны бар: Жаһандық ойла - жергілікті жұмыс жаса. Алайда, бұл фраза керісінше де өзекті: жергілікті жұмыс жасағанда - жаһандық ойла. Сондықтан әр адамның мінез-құлқын өзгерту маңызды, әрқайсымыздың жеке әсерімізді азайту арқылы біз жаһандық жақсартуларға қол жеткіземіз.





Қосымша білім

Осы сілтемелер арқылы сіз Жаһандық экологиялық мәселелер туралы көптеген пайдалы ақпаратты таба аласыз:

- Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі. Суретті шолу

<https://www.dropbox.com/s/ncc7wmmyrz8wn56/Regional-synthesis-Central-Asia-ru.pdf?dl=0>

- Климат туралы білімнің Орталық Азия порталы

<https://centralasiacclimateportal.org/tools>

- Курс: Климаттың өзгеруі. Жаттығудан іс-әрекетке дейін

<https://uncscelearn.org/course/view.php?id=126&page=overview>

- Тірі планета 2014 WWF https://www.wwf.ru/data/lpr/lpr2014_ru.pdf

- Экологиялық із <http://ecosled.wwf.ru/>

- GEO5 <http://wedocs.unep.org/handle/20.500.11822/8021>

- GEO6 <https://www.unep.org/ru/resources/shestaya-globalnaya-ekologicheskaya-perspektiva>

- Қазгидромет сайтының климат бөлімі <https://www.kazhydromet.kz/>

- Қоршаған ортаның жай-күйі және ҚР Табиғи ресурстарын пайдалану туралы Ұлттық баяндама

<https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/documents/details/101873?lang=kk>

